

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасының экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы-ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

ӨМІРБАЯН СЕРИЯСЫ

Басталуы – 2006 жыл



Нұрлыбек Сафин

ОРЫНБАЙ БЕРДІҒОЖИН



Алматы 2008

ББК 26.341.1

С 25

С 25 Сафин Н.

Орынбай Бердіғожин – Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2008
– 304 бет. – Қазақ мұнайының ардақтылары. Өмірбаян сериясы.

ISBN 9965-816-23-9

ББК 26.341.1

ISBN 9965-816-23-9

© «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2008

Кіріспе

*« Бізде мұнай табамыз деген
мақсаттан басқа түк жоқ».*

Орынбай Бердіғожин

1998-99 жылдары «Ана тілі» газетінің ішінен «Алтын дария» қосымшасы жарық көріп тұрды. Қосымша газеттің әрбір нөмірінің шекесінде «1899 жылдың қараша айында Атырау облысы, Жылой ауданына қарасты Қарашүңгіл алаңындағы №7 скважинадан мұнай фонтаны атқылап, тәулігіне 20 тоннадай өнім берді. Бұл – бүгіндері дүние жүзіне мәлім болған Қазақстан мұнайының алғашқы тамшылары еді. Бір ғасырлық тамаша тарих, міне, осыдан бастау алады» деген аңдатпа жазылатын. Бұл осы газеттің діттеген мақсаты мен мазмұнының айқындамасы сияқты. Десе дегендей, газет ішінен шығатын газеттің төрт бетінде бастан аяқ мұнай тақырыбына арналған мақалалар жарық көріп тұрды. Олардың бірқатары бүгінгі мұнай өнеркәсібінің хал-ахуалын сөз етсе, енді бірқатары мұнай тарихын толғайтын. Әуелде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі үшін күресуді мұрат тұтқан газет ішінен, кенет мүлдем басқа тақырып – мұнай туралы әңгіме айтыла жөнелгенін кейбіреу түсінбей жүрді.

– «Ана тілі» қарамайға айналып кетті ғой, – деп кекеп сөйлегендер де табылып қалды.

Жұрт не десе, о десін, қазақ мұнайының жүз жылдығы қарсаңына шыға бастаған осы газет діттеген мақсатын тамаша атқарып шықты. Уақыт өте келе әлгіндей мошқау сөздің бекер екені өзінен өзі түсінікті болды. Газет бетінде жарық көрген мақалалардың әрбіреуі бір-бір тамаша дерек көзіне айналды. Қазір сол мақалалар негізінде деректі кітаптар жазылып, ғылыми диссертациялар қорғалуда. Бұл «қазақ топырағында XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында өндіріс болған жоқ, қазақтан

жұмысшы шыққан жоқ» деген пікірдің ұшқары екенінің бұлтартпас дәлелі.

«Алтын дария» оқырман қолына тие бастасымен-ақ редакция қоржынына келіп түсетін хаттар легі молая бастады. Бар өмірін мұнай өндірісіне арнаған қарттар құшақ-құшақ қағаз қолтықтап редакцияға келуді жиілетті. «Тәйірі, мұнай тақырыбына кім қалам тартушы еді» деп алғашында дүдәмал күй кешкен әріптестерім, бара-бара осы бір мол дүниені игере алмауға айналды. Сүйтсек, мұнай барлаушыларының маң далаға шыққан әрбір сапары, олардың шексіз, шетсіз кең даланың төсіне салған әрбір бұрғысы, бұрғылау кезінде жер астынан алған әрбір уыс топырақ, ақыр аяғында шыңыраудан шапшып шыққан алғашқы мұнай тамшылары, сол мұнайды тиеп алып теміржол бойымен жөнеп берген алғашқы керуен, сол мұнайдың алғаш рет құбырмен жөңкіле ағуы, ой, несін айтасың, бұның бәрі біле білген адамға тұла бойыңды түгел шымырлата жөнелер тарихи сәттер екен ғой. Мұнайшы деген күнкөріс қамын ойлаған жәй бір пенде емес, өз уақытынан озық туған, өзінің не істеп жүргенін пайымдай алатын, мұнай өндірісіне қажетті ғылым негіздерін игерген немесе қара танымаса да соны түйсіне алатын көзі ашық, көкірегі ояу ғажайып адамдар екен ғой. Олар әлгіндей әрбір тарихи сәттерді зердесіне тоқып, ұмытпай жүріпті. «Алтын дария» олардың осы бір сыр сандыққа сақтаған асыл дерегін ақтаруға тамаша мүмкіндік жасады. Сол ақсақалдардың көбісі бұл күнде ана дүниеде. Бірақ, олар өз өмір тарихын айта отырып, мұнай өндірісі тарихына құнды үлес қосып кетіпті.

Былтыр қазақ мұнайының атасы Сафи Өтебайұлына телефон соғып, «Мұнайшы қоры Орынбай Бердіғожин туралы кітап жазуға өтініш етіп жатыр. Білгеніңіз болса, айтып берсеңіз» дегенімде ол:

– Орынбай мұнайдың бар ауыртпалығын бастан өткерген адам. Үнемі жауапты жұмыстарда жүрді. Ол Ембі кәсіпшіліктерін ашу жолында мол тәжірибе жинақтаған майталман мұнайшы еді. Гурьев мұнай техникумының алғашқы түлегі. Ембі өңірінде болған бұрғылау-барлау жұмыстарының талайына белсене араласқан, бірнеше кен орындарын өз қолымен ашысқан, бірнеше мұнай өндірісінде басшы қызметте болып, сан алуан сыннан өткен белді кадрлердің бірі еді. Мұнайшылар іс тетігін білетін адам ретінде оның еңбегін жоғары бағалап, құрмет тұтатын.

Жоғарыдан «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресін құру туралы бұйрық келгенде ол Құлсары кәсіпшілігі деректірінің орынбасары боп жүрген-тұғын. Өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын, білімін тәжірибемен ұштастырған жұмысқа алымды адам екенін ескеріп, оған сеніп осы қиын учаскеге жіберген едім.

Ол кейін Өзенде де басшы қызметте болды. Маңғыстау байлығын игерудегі алғашқы басшылық қызметімен-ақ мұнай тарихынан орын алатын тұлға. Ол туралы міндетті түрде жазу керек.

Ал, енді мен ертең ауруханаға жатып, емделетін боп отырмын. Содан шыққан соң оның өмір тарихын айтып беремін, – деп еді. Бірақ, ғасыр жасаған қария көп ұзамай асыл жары – Шәрипа жеңгеміз аттанып кеткен жаққа бет түзеді. Орынбай Бердіғожин туралы әңгіме сол күйі айтылмастан қалды. Дегенмен, бұдан жарты ғасыр бұрынғы мұнайлы өлкеде шығып тұрған газеттердің сарғайған беттеріне Орынбай Адайұлының атқарған істері мен ол басқарған трест, кәсіпшілік, басқарма туралы бірқатар мақала, очерктер басылған екен. Ол өмір сүрген кездегі заман тынысы мен қоғамдық сана сол тұстағы мұнайшылар туралы деректі шығармалардан да айқын сезіледі. Оның аты барлық жерде аталмаса да, тасқа басылған сол дүниелерден ол атқарған істерді жазбай танысың. Сонымен бірге, бүгінде қатары сиреп қалған кейбір замандастары айтқан әңгімелер шаң басқан мұрағат деректерін тірілте түсті.

Сонымен, қолыңызға алған осы кітап Орынбай Адайұлы туралы сыр шертпек.



*Гурьев мұнай техникумында оқып
жүрген кез (1930-1933 жылдар)*



*Техникум студенттері (Орынбай Бердіғожин
алдыңғы қатарда ортада)*



*Мақат мұнай кәсіпшілігінде (Ембі ауданы) бұрғы шебері;
Облыстық БЛКЖО комитетінде халықты төлқұжаттандыру бөлімінің меңгерушісі*



1933-1936 жылдар. Сол жақта



*Ағасы Иманғали Адаев:
1938 ж. қаңтардың 26-сында
НКВД-ның Гурьев қаласы бойын-
ша бөлімінің қаулысымен қамауға
алынып, ақпанның 14-інде НКВД
Үштігінің қаулысымен ату жаза-
сына кесілген. Бұл үкім ақпанның
16-сында орындалған*

*1962 ж. тамыздың 7-сінде Гурьев
облыстық соты Президиумының
қаулысымен бұрынғы НКВД Үштігінің
шешімі бұзылған. Қылмысы болмауына
байланысты іс қысқартылып, ақталған*



*Орынбайдың қарындасы
Илия Бердіқожақызы
1913-1987ж*



Солдан оңға қарай: Анна Ивановна Бердыгужина (Суняева) 6 айлық қызы Майрашпен, Орынбай, анасы Биалай, немере інісі Садақбай (12 жаста). Мақат кәсіпшілігі, 1936 жылғы қараша



1942 ж. ақпан. Хабаровск



1942 ж. Ленинград



1943 ж. Ленинградқа бір эшалон
мұнай апарған ембілік жас
мұнайшылар алдында сөз сөйлеген
Ақтөбелік (Ырғыз ауд.) танкіші
Қиуадолла Сапаұлы

1945 ж. ақпан-мамыр. Боровичи



Цимлянскілік қонақтармен бірге. 1949 ж. шілденің 3-і. Солдан оңға қарай: Аннаның жеңгесі (Андрейдің әйелі) Наталья, оның қызы Валентина, Анна Ивановна қызы Людмиланы алдына алып отыр, Майраш, Орынбай Светлана екеуі, Роберт, оның артында Борис (Андрейдің ұлы). Байшонас кәсіпшілігі



1950 жыл. Орынбай отбасымен